Товарищество с ограниченной ответственностью
«ЮКПроектЭкспертиза»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АО «Банк ЦентрКредит» г.Шымкент
ИИК KZ 588560000007335350
БИК KCJBKZKX
Тел: 8(7252) 56-05-53

ЮКО, г. Шымкент, Енбекшинский р-н
ул.Еримбетова, строение 185
БИН 150840014890
e-mail: ukpe_kz@mail.ru

№ 79 15 наурыз

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша
мемлекеттік ішкі аудит департаментінің
басшысы Б.Көшербайға

Ұйымдастырушысы және тапсырыс берушісі **«Шымкент қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі»** мемлекеттік мекемесі электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша келесідей хабарландыруларды орналастырған:

1) **№2216615-2** *"Шымкент қаласы, Тассай шағынауданында инженерлік инфрақұрылымның құрылысы (10/0,4 кВ электр желісі бөлігі)" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу"*

2) **№2218355-2** *"Шымкент қаласы, Достық (2 кезек) шағынауданында инженерлік инфрақұрылымның құрылысы (10/0,4 кВ электр желісі бөлігі)" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу"*

3) **№2218474-2** *"Шымкент қаласы, Достық (2 кезек) шағынауданында инженерлік инфрақұрылымның құрылысы (ауыз су желісі бөлігі)" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу"*

4) **№2218733-2** *"Шымкент қаласы, Асар-2 шағынауданында инженерлік инфрақұрылымының құрылысы (10/0,4 кВ электр желісі бөлігі)" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу "*

Конкурстарға келесідей әлеуетті өнім берушілер өтінім ұсынған:

1)«ЮКПроектЭкспертиза» ЖШС; 2) «Оңтүстік Сараптама» ЖШС; 3) «Экспертиза PRO» ЖШС; 4) «Гео Нұр құрылыс» ЖШС және т.б.

12 наурыз 2018 жылы аталған конкурстар бойынша алдын ала рұқсат беру туралы хаттама жарияланбастан, барлық өтінімдерге қатысуға рұқсат етіліп, бірден қорытындылар туралы хаттама жарияланды.

Жоғарыда аталған конкурсқа қатысушылардың жобалық сметалық құжаттамаларды сараптамадан өткізу жұмыстарын орындауға құқықтары жоқ, себебі ұсынылған аккредитация жөніндегі куәліктерінің мерзімі 2018 жылы ақпан айында аяқталған. Тапсырыс берушінің өзі де конкурстық құжаттаманың техникалық спецификация бөлігінің 5 тармағында эксперттік ұйымдарға қойылатын талаптардың бірі ретінде аккредиттелген болуы тиіс деп көрсеткен.

Алайда, осыған қарамастан, комиссия мүшелері аталған қатысушылардың барлығының өтінімін біліктілік талаптарына сай келеді деп танып, конкурсқа қатысуға бірден рұқсат етілген. Нәтижесінде, жұмыс өтілін растаушы құжаттарымызды толықтырып салу құқығымызды шектеп, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27 бабы 4 тармағында көрсетілген талаптары сақталмай, алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылмаған.

Осыған байланысты тексеру жұмыстарын жүргізіп, алдын-ала рұқсат беру хаттамасын орналастыруыңызды сұраймын.

Директор **Т.Сирнебаев**